

**Зейнетақы активтерін басқару жөніндегі компаниялардың мәселелері бойынша  
Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының  
кейбір нормативтік құқықтық актілеріне өзгерістер енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қаулы Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы 1999 жылғы 17 мамыр N 32. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 29 шілдедегі N 264 қаулысымен (V032484).

"Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамтамасыз ету туралы" Қазақстан Республикасының заңына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы заңының қабылдануына байланысты және Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының (бұдан әрі "Ұлттық комиссия" деп аталады) нормативтік құқықтық актілерін аталған заңның нормаларына сәйкес келтіру мақсатында Ұлттық комиссия қаулы е т е д і :

1. Ұлттық комиссияның мынадай нормативтік құқықтық актілеріне өзгерістер е н г і з і л с і н :

1) Ұлттық комиссияның 1997 жылғы 29 тамыздағы N 133 қаулысымен бекітілген және Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1997 жылғы 10 қыркүйекте 365 нөмірмен тіркелген Зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызмет туралы есеп берудің тәртібі және нысандары туралы е р е ж е г е :

1 2 - т а р м а қ т а :

төртінші бөліктегі "ақша қаражаттарының" деген сөздер "ақшаның" деген с ө з б е н а у ы с т ы р ы л с ы н ;

3 - қ о с ы м ш а д а :

1.5 жолдағы "Ақша қаражаттары" деген сөздер "Ақшалар" деген сөзбен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

4 - қ о с ы м ш а д а :

1.4 жолдағы "Ақша қаражаттары" деген сөздер "Ақшалар" деген сөзбен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

2) Ұлттық комиссияның 1998 жылғы 13 тамыздағы N 11 қаулысымен бекітілген және Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1998 жылғы 12 қарашада 641 нөмірмен тіркелген Мемлекеттік зейнетақы жинақтау қорының инвестициялық қызметті жүзеге асыру қағидаларына :

2 - т а р м а қ т а :

3) тармақшадағы "мемлекеттік" деген сөз алып тасталсын;

11 және 12-тармақтар алып тасталсын;

3) Ұлттық комиссияның 1998 жылғы 13 тамыздағы N 11 қаулысымен бекітілген және Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1998 жылғы 12 қарашада 642 нөмірмен тіркелген Зейнетақы активтерін басқару жөніндегі компаниялардың инвестициялық қызметті жүзеге асыру қағидаларына :

14-тармақ алып тасталсын.

2. Осы Қаулының Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркелген сәттен бастап күшіне енгізілетіндігі белгіленсін.

3. Ұлттық комиссия орталық аппаратының Төраға қызметі - Талдау және стратегия басқармасы осы Қаулыны Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, зейнетақы активтерін басқару жөніндегі компаниялардың және Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Ұлттық зейнетақы агенттігінің назарына жеткізсін.

4. Ұлттық комиссия орталық аппаратының Лицензиялау және қадағалау басқармасының Зейнетақыны реформалау бөлімі осы Қаулының орындалысына бақылау жасасын.

Ұлттық комиссияның Төрағасы

Комиссияның мүшелері